


76.12 (5523)
М 45

Сәлім Мендібаев




Сәлім Мендібаев
Айдану
Дұстар

Сәлім МЕНДІБАЕВ

Еменнің айыр бұтагы

(Журналист жазбалары)

43410-и



16.12(5 623)

м 45

Бұл еңбегімді Ел тәуелсіздігінің
10 жылдық мерейтойына арнаймын.

Автор.

Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі Сөлім Менәнбаев бұл кітабында Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болуы, осынау ғасырлар бойы ата-бабаларымыз арман еткен бақыт жолында төгілген қан мен тер, қапыда кеткен бабалар, итжеккенде зардан шеккен өкелер, сол тәуелсіздікті бекемдеу жолында тер төгіл жүрген ағалар мен інілер туралы баяндайды. Қасиетті Түркістанда мәңгілік тыныстаған Бекбаулы би де, Әлібек батыр да, “халық жауы” кейпін бір емес екі рет киіп тар қапаста тағдыр тақсыретін тартқан Таутан Арыстанбеков пен Төлепберген Сейткалиев та, өз заманының өр тұлғалары Ілияс Омаров пен Темір Дағанбаев та, ел басқарған ағалар Қазбек Әлжапаров пен Кенжебек Үкін де, бүгіндер тізгін ұстаған Мереке Дихаев пен Сайран Бұханов та, қаруды қаламға айырбастап, облыс өмірінің шежіресін жазған журналистер Бақытжан Жангисин мен марқұм Сырлыбай Буркітбаев та... сол тәуелсіздік үшін қызмет етті және етіп те келеді. Дүниеден өткендегі кімге болсын үлгі-өнеге болар өшпес із қалдырыды, тірілері болса ісімен де, сөзімен де сол ата-баба арманы болған, біздің үрпактың пешенесіне жазылған бақыт – Тәуелсіздікті бекемдей түсуде. Кітапта солар туралы, сондай-ақ 350 жыл тарихы бар Алакөл жағасындағы Ақсуат ауылының өткені мен бүгінгісі, оның адамдары туралы перзенттік сүйіспеншілікпен өндімеленеді.

Кітап жалпы жүртшылыққа арналған.

Бұл автордың екінші кітабы.

ISBN 9965-535-57-4

ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЗАТЫМ БАР...

Был менің елім – Қазақстанның тәуелсіздік алғанына он жыл толады. Ата-бабаларымыз арман еткен тәуелсіздік бақытын көру біздің үрпақ пешенесіне жазылыпты. Бұдан он жыл бұрын Қазақстан парламенті тәуелсіз Қазақстан мемлекеті құрылғаны туралы декларация қабылдап, Қазақ елін айдай өлемге жария етті. Тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті сайланды, оның мемлекеттік рөміздері бекітілді, Ата заңы қабылданды, өзінің төл мерекесі – Республика күні белгіленді. Осынау он жыл ішінде қазақ жұртын бүкіл өлемдік қауымдастық танып, мойындасты, Қазақ елі талай халықаралық беделді үйымдардың мүшесі болды, шетелдерде өз елшіліктерін ашып, өз жерінде шетел елшілерін қабылдады. Өзінің ұлттық армиясын құрып, шекарасын бекітті. Өзінің төл ақшасын айналымға шығарды. Ұлттың қауіпсіздігін бекемдеді. Кеденін орнатты. Тілі мен ділін, дінін қайта жаңғыртты, нақақтан жала жабылып, құғын-сүргін көрген талай арыстарымыз акталды. Қазақ халқы еркіндігін сезініп, бойын тіктеді. Енді ол ешқашанда біреудің кіші “інісі” болмақ емес. Әлемдегі кез келген ұлттар мен ұлыстармен терезесі тен, өркениетке ұмтылған бейбітшілік сүйгіш, өр мінез, кең пейіл, даласындағы дархан халықпаз енді біз.

Тәуелсіздік алған он жылда Қазақ елі ғасырларға тен жолдан өтті. Ең бастысы – әрбір қазақстандықтың өз елі, өз Отаны – Қазақстанға деген отаншылдық сезімі атой салды. Ұлты мен ұлысына қарамай әрбір қазақстандық осынау құт мекенніңabyroны мен беделін көтеріп, тәуелсіздікті бекемдей түсуді өзінің басты парызы санайды. Бұл орайда біз еліміздің тәуелсіздігін баянды етіп, оның халықаралық дәрежедегі беделін көтеруде, ұлттар мен ұлыстар арасында ынтымак пен азаматтық келісімді сактауда тенденсі жоқ шаруа тындырдық десек артық айтқандық болmas.

Рас, қазақ халқының тәуелсіздікке жетуі онайға түскен жоқ. Талай қан төгілді, талай қайғы-зарды бастан кешті. Сол қасиетті жолда талай арыстарымыз құрбан болды.

Тарихқа үңілейікші. Қазақ халқы не көрмеді? “Мың өліп, мың тірілді”. Жонғар шапқыншылығы, қалмақ қырғыны, Ресей империясының астамшылық зорлығы, ұжымдастыру кесірі, құғын-сүргін, аштық, соғыс, желтоқсан... Бірақ қандай да болмасын қын кезенде елім деп еңіреп туған ерлер өз халқының ар-ожданы мен намысын қорғап, тәуелсіздік үшін жанын шүберекке түйді, жауына жолбарысша атылды, ұлан-байтақ жерін, қазақы қасиетін, қазақ деген аты мен затын сактап қалды. Сонау хан Абылайдан бастап

бұғынгі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа дейінгі алаштың айтулы азаматтарының аңсағаны осы Төуелсіздік еді. Осынау қасиетті де қастерлі жолда Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Тама Есет, Шақшақ Жәнібек... – қазақтың талай ержүрек батырлары мен Төле, Әйтке, Қазбек сияқты билері жауына қарсы атой салды.

Ахаң мен Жакаң, Сәкен мен Ілияс, Мағжан мен Бейімбет сияқты ұлттың қаймағы, сол сияқты сан мындаған зиялышарымыз құғын-сүргін құрбаны болып, қайғы жүтты, ах ұрып атылды. Тіліміз өгей баланың күйін кешті, дініміз жойылды, мектебіміз жабылды, өрісіміз тарылды. Атасы мен немересі тілмашсыз түсінісе алмайтын халге жетті. “Орыс тілін білмесең, орга жығыласың” деді, ана тілің наң тауып жеуге жарамай қалды, бәріміз де орысша сөйлеп, коммунизмге тезірек жетеміз деп далбаса болдық. Заман-ай десенізші! Ойлап отырсақ, сол бір жымыстың саясаттың астарында да көп жайат жатыр екен-ау. Халықты мәңгүрт қылыш, тамырынан айыру, өзінше ойланып-толғануға мүрша бермей, “көп айтса болды, жұрт айтса көнді” дегендей илеуге икемді “ипташтар” қалыптастыру екен-ау...

Бертін келе қазақтың санасын сілкінтен өйгілі Желтоқсан оқиғасы болды. Айдаһардай ақырған Мәскеу өз халқына, өз еліне өлшеусіз еңбек сінірген асылы Дінмұхамед Қонаев сынды пайғамбарды бас-аяғы жиырма минут шамасында пленумсымақ өткізіп, қызметтен босатты да жіберді. Жарайды, мәңгілік ешкім жок, жасы келген жайсанды өзіне лайық құрметімен шығарып салып жатса бір сәрі, олай ету астамшыл шенеуліктер мен партиялық функционерлердің ойына да келмеді, келсе де өдейі істемеді. Қазақ деген халық кім олар үшін. Бәрін ұлы орыс халқы билеп-төстейді, пифыл осы, әйтпесе Қазақстан деген елді естуі ғана болмаса бұрын-сонды көрмеген, қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінен мұлдем макұрым Колбин деген біреуді қонжита сала ма? “Қаңғып келген шөрегей” қазақ елін қалайша көгертпек? Қонаев кім, Колбин кім? Міне наразылық неден басталды? Аты шулы орыс шовинизмінен басталды. Бірақ ұлтшылдық таңбасы қазақ халқына танылды. Оның өр мінезді жігіттері мен қыздары экстремист, нашакор, маскүнем болып шыға келді, накактан күйді, сотталды, оқудан шығарылды, ұлтшылдарды іздеу басталды. Ол Алматыдан альста жатқан Қостанайды да шарпылды.

Иә, Желтоқсан оқиғасы сананы сілкінті. Ол қазақ халқы үшін демократиялық өзгерістерді колдаудың басы, жаңа заманның жарқын лебі болды. Желтоқсан желі жастарымыздың намысы мен болмысына сын болды, олардың өр халықтың өміршен үрпағы екенін

жалғанның жалпағына жария етті. Желтоқсан туралы ойласам жа-
зықсыз құрбан болған қайран бауырымыз Қайрат Рысқұлбеков-
тың мына бір шумақтары санамда қайта жаңғырды:

Күнәдан таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар,
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар,
Алам десен, алындар!
Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар,
“Еркек тоқты құрбандық”, –
Атам десен, атындар!

Өр халықтың өжет ұланы осылай дейді. Тоталитаризмнің дәң
айбатына кеудесін тосып қарсы тұрады. Шындық үшін шырыл-
дайды... Мен Қайрат бауырымның осы бір құрыштан құйғандай
құдіретті жырынан кешегі Төле би бабасының рухын сезгендей
болам. Үш жүзді аузына қаратқан Төле биге жүгінейікші.

Бабамыз: Уа, көсіле шабар жерің бар,
Ту көтерген ерің бар.
Кол боларлық елің бар,
Атадан қалған сара жолың бар.
Құлдық ұрсаң дұшпаға,
“Еркек болып туды”, – деп,
Мына сені кім айтар, – демеп пе еді?


Менің елім! Қазақстаным! Талай ұлт өкілдерінің құт мекені, ыс-
тық үясы. Түрі басқа тілегі бір, жүзі басқа жүрегі бір жүздеген
ұлттар мен ұлыстардың бақытын тапқан, шаңырақ көтеріп, үрпак
жайған алтын бесігі. Ата-бабаларымыз найзаның үші, білектің
кушімен қорғаған қазақ жері бай, өзін осы қасиетті жердің жалғыз
түйір дәнімін деп санаған жандар үшін оның құшағы ашық, көнілі
кең, ықылас-пейілі ерекше. Дархандықты даласынан дарытқан
қазақ халқының төрі өрдайым дайын, дастарқаны жаюлы. Ал
бүйректен сирақ, қытықтан ситық шығарып, құрыққа сырыйқ жал-
ғап, төуелсіздігімізге көз алартып, ағайын арасына іріткі салып,
көсемсіген келімсектермен сөз басқа. Дегенмен Қазақстанда
бейбітшілік пен өзара түсіністік, азаматтық келісім рухын сақтау,
оны дамыту, Қазақ елінің гүлденуі үшін жаппай жұмылдыру рес-
публикадағы басты этнос ретінде қазақ халқына ерекше
жауапкершілік жүктөрі хақ. Біз өз елімізде отырып өзгені өзекке
теуіп жатсақ не болғаны. Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарба-
евтың мына бір аталы сөзі еске орала береді. “...қазір бой жарыс-
тыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жыға-

ды, білімді мынды жығады. Ашу — дүшпан, ақыл — дос. Ашу емес, бөрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлттымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды”.

Аталы сөз.

Иә, Тәуелсіздік таны атты. Содан бергі он жылда талай қыншылық та болды, бірақ оны жеңе білдік, талай қиналдық, бірақ төзе білдік. Енді тыныс кеңеje бастады, сенім нығайды, серпін сезілді.

Қазақстан өрлеу-өркендеу жолына түсті. Сол жолымыз даңғыл, тәуелсіздігіміз баянды болғай, ағайын!





**Вас иемін,
Бабалар**

ҚОҢЫРАУЛЫ НАЙЗА БӨКТЕРІП, ҚОҢЫР САЛҚЫН ТӨСКЕ ҰРҒАН

Алты Алаш жиналған,
Жан бабаның асына.
Қайран атам қойылған,
Ахмет Әулие қасына.

(“Бекбаулыны жоқтау”
жырынан).

Облыстық “Қостанай таңы” газеті 1999 жылғы 17 тамыздағы са-
нында Әуликөл ауданы Шобанкөл ауылынан қарт ұстаз, көргені
мен түйгені мол, жады мықты, зейіні зерек ағамыз Аңсаған Хұсай-
ынұлының “Терең тамыр” атты мақаласын жариялады. Автор
Мендіқара ауданы Ақсуат ауылында өткен, ата-бабалардың осы
Алакөл бойына қоныстанғанына 350 жыл толу тойына арналған
мерекелік шараларға ризашылығын білдіре отырып, осы құт
мекендергі үрпактың да аргы атасы Бекбаулы баба жөнінде тарихқа
сүнгіген еді.

Бекбаулы Әтейұлы өз тұрғыластары арасында сыйлы, еліне
қадірлі адам екен. Орта жүздің түменбасы батыры Шақшақпен
бірге Бекбаулы да ел басына күн туғанда сол елінің қорғаны бо-
льшты. Бекбаулы көшпелі елге егін егіп, диқаншылық құруды да
үйретіп, осы іске өзі басшы болса керек. Кезінде Бекбаулы баба
қалдырған шығыр, суармалы егісті халқымыз “актабан шұбырын-
дыға” дейін пайдаланып келіпті. Бекбаулы Самарқанд, Бұхарадан
арнайы білімді адамдарды алдырып, үрпағын, ауыл балаларын
білімге бастапты.

Данагөй бабамыз айтты деген бірер сөзі өлі ел аузында. Ол өзінен
туған балаларға баға берे келіп былай деген екен: “Сатайым акпан-
қантардың ұскірік желінде жүзін бір бүрмайды, тубі батырлық
қонар, Шақа болса көпшілік жиналған жерге үйір, қашан көрсем
топтың ортасында отырады, бұдан тарайтын үрпағым да көп бо-
лар. Ал Жанбайдың аузынан шыққан әр сөзі қасындағы жүртты
үйіріп алыш кетеді, тубі бұған аруақ қонып, ырыс енер...”

Қазір зейіндеп қарасақ, баба болжамының шындыққа айналға-
нын көреміз.

Мақаланың басындағы “Бекбаулыны жоқтау” деген жырдан
үзіндіні біз текке келтірген жоқпыз. Бекбаулы баба қаза жетіп,
дүниеден өткен шакта үрпактары оны Түркістандағы Қожа Ахмет
Әулие кесенесінің іргесіне жерлепті. Жыр да солай дейді. Бірақ
осы уақытқа дейін басында белгі жок еді. Түркістанның 1500 жыл-

дық мерейтойы қарсаңында да қасиетті орынға жерленген асылдар ішінен біз Бекбаулы Өтейұлының есімін кездестіре алмадық.

—Бұл тарихқа қиянат,—деді бұл күндері сексенниң сенгіріне шыққан ағамыз, Қостанай қаласының құрметті азаматы Мағауия Жұнісұлы.

—Баба есімін жаңғырту керек, — деді бизнес және басқару институтының ректоры Кәрбоз Жапаров.

Расында да, қасиетті Түркістанның 1500 жылдығы қарсаңында бұл өзінен өзі сұраным тұрған іс еді. Сөйтіп, бастамашыл топ құрылыш, тарихи әділеттікті орнықтыруға кірісті. Алдымен мәселенің мән-жайын айтып, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаевқа хат жолдады:

“Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі

A. Сәрсенбаевқа

Құрметті Алтынбек Сәрсенбайұлы!

Бұгіндер ЮНЕСКО-ның шешіміне орай қазақ халқының ежелгі астанасы, рухани орталығы – Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойына дайындық жүріп жатыр. Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың кесенесін қайта қалпына келтіру жұмыстары аяқталып келеді. Ежелгі уақыттан бері сол кесене қасына әйгілі хан, би, батырлар жерленіп, бұл жер халқымыздың зиярат ететін қасиетті орнына айналды. Қостанай, Торғай өнірінен елімізге белгілі Шакшақ Жәнібек, Алдиярұлы Қарабалуан, Бабасұлы Мерген, Сүгірұлы Мешітбай, Өтейұлы Бекбаулар Түркістанға арнайы апарып қойылған. Бұл бабаларымыздың алғашқы төртеуін жүртшылық жақсы біледі. Олардың аты-жөні де кесенеге жазылған. Ал Бекбаулы бабамыздың аты ұмытыла бастағандай. Шындығына келсек, Бекбаулы бабамыз да Шакшақ батырмен бірге ел қорғаны, оның ар-намысы мен айбыны болған.

Бекбаулы бабамыз қаза жетіп, дүниеден өткен шақта үрпактары ол кісіні Түркістандағы Қожа Ахмет Әулиенің кесенесінің іргесіне жерлепті. Бұған сол кезден келіп жеткен азыз-өңгімелер, баба үрпактарының қолындағы шежіре деректері негіз бола алады. “Бекбаулыны жоқтау” деп аталатын жыр күні бүгінге дейін ел аузында айтылып та жүр.

Бекбаулының асы Қызылорда облысы жеріндегі өзі аттас темір жол бекетінің жаңында өтіпті деген де дерек бар. Бұл бекет жайлы Қазақ кеңес энциклопедиясының 2-ші кітабында жазылған.

Құрметті Алтынбек Сәрсенбайұлы! Біз осы хатты жаза отырып, Бекбаулы Өтейұлы бабамыз ұмыт қалмай, Түркістанның 1500 жыл-

дық тойы қарсаңында есімі кесенеге жазылса деген ой айтамыз. Бұл тарихи әділеттік болар еді.

Осы хатпен бірге Бекбаулы бабамыз туралы облыстық “Костанай таңы” газетінде жарияланған “Терең тамыр” атты мақаланы да қоса жолдап отырмыз. Одан даңқты баба туралы мәліметтер алуга болады.

**Сізге деген құрметпен,
Магаяния ЖҮНІСҰЛЫ,
соғыс және еңбек ардагері,
Костанай қаласының
құрметті азаматы.**

**Кәрбоз ЖАПАРОВ,
Костанай бизнес және
басқару институтының
ректоры, профессор.
Ансаған ХҰСАЙЫНҰЛЫ,
қарт ұстаз.**

**Әкімбек ҚАБДЕНОВ,
Әулиекел аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.**

**Сәлім КАЙЫРОВ,
облыстық юшкі істер
басқармасы бастығының
орынбасары, полковник.**

**Сәлім МЕНДІБАЕВ,
облыстық “Костанай таңы”
газеті Бас редакторының
орынбасары.**

Министрліктегі азаматтар, өсіреле, осы шаруа тапсырылған Шәрбану Бейсенова замандастымыз бұл іске ерекше мүқият қаралды. Деректер мен дәйектерді пайымдай келе Онтүстік Қазақстан облысы әкімшілігіне арналы қатынас жіберді. Облыс әкімінің орынбасары Даражан Мыңбай да мың болғыр жан екен, іле-шала былай деп жауап жолдады:

“Сіздердің Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаевтың атына жазған хаттарыңызға байланысты мынаны хабарлаймыз:

Түркістанның 1500 жылдық тойы қарсаңында Отейұлы Бекбаулы батырдың есімін Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің тақтасына жазу жөніндегі мәселенің шешімін хабарлау Түркістан қаласының әкімі Өмірзак Әметұлы мен осы тарихи мәдени мұражайдың директоры Рыскелдиев Темірханға арналы тапсырылды”.

Сол мұражай қызметкерлері де мәселені ұзын арқан, кең тұсауға салған жок. Қолымызға тиген хатта былай делініпті:

“Костанай облысының бір топ ел ағаларының Мәдениет, акпарат жөне қоғамдық келісім министрінің атына жазған хатын алыш, мазмұнымен танысып шықтық. Ел ағаларының көтеріп отырган ұсыныстары орынды. “Әзірет Сұлтан” қорық музейінің Фылыми-саралтама кеңесінің шешімі негізінде Өтейұлы Бекбаулы батырдың есімі кесенедегі тақтаға жазылатындығын хабарлаймыз.

Музей директоры Т.РЫСКЕЛДИЕВ”.

Міне, қасиетті Түркістанның 1500 жылдық торқалы тойы карсаңында тағы бір тарихи әділеттік осылайша орнықты.

Бекбаулы баба аруагы жар болсын, әлеумет!

Енді осы Бекбаулы бабамыздың өмір тарихы мен шыққан тегіне, айтулы істеріне кеңінен тоқталайық. Бұл ретте де “Костанай таңында” жарияланған журналист інім Қабдылахат Сейдахметтің “Белгілі бекзат Бекбаулы” атты мақаласының ұзын-ырғасын келтіре кетейін:

“Біздің облысымыздың аумағында өмір сүріп, ұлтымыздың қасиетті ордасы – Түркістаннан топырақ бүйірган жерлестеріміз жайлы облыстық “Костанай таңы” газетінде бірнеше мақала жарияланды. Ал біз бұғын өнгімемізге желі еткелі отырган Бекбаулы Өтейұлының тағдыры олардан өзгеше әрі қызғылықты.

ХVІ-ХVІІІ-ғасырларда қазақ халқының жонғар басқыншыларына қарсы құрес жүргізгендігі ұлт тарихынан бәрімізге де белгілі. Сол кезеңде ел тізгінін қолына ұстаған Тәуекел, Есім, Төуке хандар үш жүздің сүт бетіне үйыған қаймағындағы айтулы батыр-білерді Түркістанның, ел астанасының төңірегіне топтастырып, қоныстандырыпты. Ондағы мақсат та сайын сахарадан сарбаз жинап, сарпылтанға түскеннен гөрі сарапталған әскерді жұдырықтай жұмылдырып, бір жерге жедел жинау болса керек. Кіші жүздің Жолымбет, Жиенбай, Орта жүздің Шакшак (Жәнібек тарханың атасы), Ақша (Қанжығалы Бөгенбай батырдың өкесі) тәрізді қолбасшылармен қатар Бекбаулы би де сол қасиетті ел ордасы орналасқан онтүстік өлкесінде ғұмыр кешіпти.

Бекбаулы Өтейұлы Арғыннан шыққан белгілі рубасы, әділ билердің бірі болған. Кезінде ерлігімен “Еңсегей бойлы Ер Есім” атанған Есім хан үш жүздің белінен болат қылышы түспеген жаујүрек жігіттерді Түркістанның төңірегіне жинаған сөтте Сарыарқаны жайлаған Бекбаулыға да тандауы түсіп, туының түбіне шақырғандығы “Қоңыраулы наиза бөктеріп, қоңыр салқын төске үрған” заманның төл перзенті болғандығын аңғартса керек.

Бекбаулының байлығы туралы ел аузында аныз-өнгімелер де көп

сақталған. Ал ол негізсіз болмаса да керек. Қазір онтүстіктегі Шыршық өзенінің бір өткелі “Бекбаулы өткелі” деп аталады екен. Өйткені, Бекбаулы бидің малы өзеннің осы тұсынан өткен шакта бір ауылдың көшінің шеті бірнеше күнге дейін созылатын көрінеді. Тәнірі жазған несібесі мол жаратылған би тәнірегіндегі қараша халыққа тым қайырымды болышты. Көктемде төлдеген малдың жас төлі жетіліп, ел жас сәбилерді жағалай сұндетке отырғыза бастағанда Бекбаулы малшы қонсыларының мұсылманшылық ғұрыптан өткен бұлдіршіндеріне бір тайдан “сұндет ат” бөліп береді екен. Олар отау иесі он үшке толғанда бәрінің басын қосып “бәсіре тойын” жасап, батасын беруді дәстүрге айналдырған көрінеді. Әрине, оның бұл қылышы әлдекімдерге тосын көрінсе де, елінің болашағы жас ұландар тағдырын бидің өзгеден жоғары қойғандығы анғарылыш-ақ түр емес пе?..

Бекбаулы ерегескен дүшпанына есесін жібермеген ерлердің бірі болса да, өз тұрғыластарына әділ билердің бірі ретінде танылған шоқтығы биік тарихи тұлғалы жандардың бірі. Осы арада көнекөз қариялардың көкірегінде атадан балаға мирас болып жатталып жеткен ол кісінің билік сөздерін келтіре кеткеніміз жөн болар.

Бірде жанына балаған жүйрігін сойып жеген ұрысын ұстаған сол өлкенің жаужүрек жігіттерінің бірі Бекбаулының алдына келіп, құныкерге кесім сұрайды. Сонда “жүйрік ат ерді сақтайды, ер жігіт елді сақтайды. Ал сен ерді қанатынан айырып қана қойған жоқсың, елді қорғар азаматынан да айыра жаздалың. Сондықтан кесімің ердің құнын төлең, бітісесің. Егер үрлыхты қайталасаң қара есекке теріс мінгізіп елден аластан, өлім жазасына кесеміз” деп қатаң үкім шығарған Бекбаулы бидің сөзіне жиналғандар тегіс бас иген көрінеді. Тағы бірде барынтаға барған жерінде мерт болған жігітіне құн сұраған бір байға “Елдің берекесін бұзбақ болған басбұзарға құн жоқ. Жортұыл басы жолда қалар деген бабаларымыз. Ерлік жасап елін қорғаудың орнына, ездік жасап өз елін шибөрідей талайтын, қанжығасы кеппейтін ұры өзінің сыбағасын алыпты. Ол өзіндік үкімін өзі шығарды, өзі орындалды. Бір дауда екі жарғы болмайды”, – деген екен.

Бір бұл емес, бірнеше рет қатарынан талай даулы оқиғаларда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын Бекбаулының өз қатарына сыйлы болуы занды құбылыс.

Осылайша, Ер есім мен Салқам Жәңғірдің заманында билік айтыш топқа түскен Бекбаулы желісіне Қыдыр атаниң құты дарыған байғана емес, қара қылды қақ жарған әділ би де болғанға ұқсайды. Ал ол өмір сүрген кезенде ел тізгінін ұстап топқа түскен бибағлан бейбіт кездे тәбе би-төреші болса, жау келгенде жасақ ер-

тер қолбасы болатын еді. Бекбаулы да сол өзінің замандастарындағы биліктің де, батырлықтың да тізгінің қатар ұстанған жан болышты. Пешенесіне тәңірі жазған ғұмыры таусылып, дүниеден көшкен шақта бидің денесі сол өзі талай топ ішінде төрелік айтқан Түркістандағы Қожа Ахмет өулиенің кесенесінің іргесіне жерленеді.

“Адам баласының бұл фәнидегі тіршілігінен екі түрлі белгі қалмақшы” дейді дана бабаларымыз. Бірі – тірлікте жасаған жақсы істері, екіншісі – үрпағы. Бекбаулы бидің жасаған игі істері туралы жоғарыда аз да болса айтып өттік қой, ал бұл кісінің кіндігінен тараған үрпак қазір бір емес бірнеше рулы ел болып отыр. Бекбаулы үрпағы арғы бабаларының есімімен “Өтей” деп аталады. 18-ғасырда Торғай өніріндегі Қызбел тауының бөктеріне қоныс аударған олар кейін де ата-баба үрдісімен жылжы көшіп бір шеті Мендіқара ауданындағы Алакөл көліне дейін жеткен көрінеді.

Мұрағат деректеріне сүйенер болсак, Бекбаулының әділ билік жолын мирас тұтқан Қазбек би, Құсайын болыс, Күшік, Тәбет, Толтан бай тәрізді үрпактарының Орынбор губерниясының ішкі саяси-қоғамдық дамуында өзіндік іздері қалғанын байқауымызға болады. Мәселен, қазақ жерінің географиялық-экономикалық кестесін жасауға шыққан экспедицияның жетекшісі Щербина Бекбаулының үрпағы Толтан ауылында болғанын айта келіп, оның зерек біліктілігіне таңырқағанын жасыра алмапты.

Сол Щербина экспедициясы деректерінде қазіргі Қызылорда жерінде бидің жайлаған жері айтылса, қазір ол жерде Бекбаулы есімімен аталатын темір жол бекеті де бар. Ал бидің үрпактарының есмімімен аталған жер-су атауларын түгендер шығу оңай іс емес.

Бекбаулы үрпактарының есімін еліміздің бергі тарихынан да жиі кездестіре аласыз. Кешегі Спандияр Көбеев, Таутан Арыстанбековтерді кім білмейді. Батырхан Шалғынбекұлы – (белгілі ақын Fafu Қайырбековтің нағашысы) білікті ұстаз, атбеті болған еді. Балалары да ата жолын қуды: Аязбеті – Қостанай жылқы заводының директоры, айтулы мал маманы болса, Айбек, Әлия, Әсиялары ғылым жолына түсті.

Мұқатай Жұрмұқанбетов, Ерік Асанбаев, Нығметжан Есенғариндер республика көлемінде түрлі басшылық қызметтерді атқарған болса, ғылыми жолды таңдағандары да баршылық. Ағайынды Сәбит, Сайлау Байзаковтар мен Кәрбоз Жапаровтар халық шаруашылығының сан саласын зерттеген ғалымдар.

Биыл Түркістанның 1500-жылдық мерейтойының қарсаңында Бекбаулы үрпактары бабасының басына барыш, рухына дұға бағыштап, зиярат жасап қайтты. Түркістандағы Қожа Ахмет

кесенесіндегі ескерткіш-белгіге жазылған бабасы Бекбаулы бидің есімін оқығанда үрпактарының қуаныштарының шегі болмағаны түсінікті ғой.

Бұл сапарда Қостанай қаласының құрметті азаматы, зейнеткер Мағауия Жұнісұлы, ардакты ұстаз ақсақал Аңсаған Құсайынұлы, Әкімбек қажы Қабден ағаларының қасиетті орынға барып, тағзым етіп келуіне профессор Кәрбоз Жапаров демеушілік жасап, мұрындық болды.

Көне астанамыздағы мәңгі қоныс тапқан ардакты бабаларымыздың бірі – Бекбаулы Өтейұлы туралы бір үзік сыр осындай.

“Ел – еріменен көрікті” дейді дана халқымыз. Енде, сол бабаларымыздан бүгінгі үрпағына жалғасқан отансүйгіш, ер көніл қасиеттің асыл тамыры үзілмей мәңгі жалғаса бергей...

2000 жылдың күзінде Түркістанда тыныстаған бабаларымыздың бірі Бекбаулы Өтейұлының бүгінгі үрпактары сол қасиетті қалада, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген арыстарымызды еске алып, ас берді. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің асханасына Бекбаулы баба үрпактарымен бірге Шақшақ Жәнібек, Қарабалуан Алдиярұлы, Мешітбай Сұгірұлы, Мерген Бабасұлы, Әлібек Құдайбердіұлы сияқты елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін жанын пида еткен арыстардың үрпактары, ел ақсақалдары, жұртшылық өкілдері жиналды.

Ұйымдастырушылар атынан сөз алған Қостанай қаласының құрметті азаматы Мағауия Жұнісұлы аты аңызға айналған белгілі бекзат Бекбаулы баба туралы айта келіп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген басқа да батырлар мен билер хақында ұлағатты пікір өрбітті. Осы асты ұйымдастырып, оны өткізуді өз мойнына алған профессор Кәрбоз Жапаров сол асылдардың бүгінгі үрпактарының көш басшылары Әбілжан Нұрмамбетов, Алмат Кемелов, Ғаббас Нарғожин, Ноғайхан Жұнісханұлы, Масхұт Шалабаев, Қазбек Әлжапаров, Мешітбай Сұгірұлының үрпағы Қамза ақсақалға, Мерген Бабасұлының жекжаты Серік інімізге, белгілі дін өкілдері Фазиз қажы Әмірхановқа, Ертай қажы Исламұлына қазақы дәстүрмен иყқарына шапан жапты. Ас үстінде бабаларына арнап өлең оқыған белгілі акындар Жолбарыс Баязид пен Серіkbай Оспанов та осындай құрмет-ықыласқа ие болды.

Аска қатысуышылар алдында Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры, академик Зұлқарнай Алдамжар өнегелі сөз сөйлемеді. Ол мұндай шараның жастар тәрбиесіне, үрпактар сабактастығына тигізер он ықпалын айта келіп, алдағы уақытта сол арыстарымыздың есімін мәңгі есте қалдыру

үшін олардың атына көше беру, сол көшелерге ескерткіштерін орнату жөнінен жұртшылық көңілінен шыққан ұсыныс айтты.

Белгілі өлкетанушы Масғұт Шалабаев Қостанайдағы Ақ мешітке Түркістанда мәңгілік тыныстаған бабалар есімін жазып қою жөніндегі өз ойын жеткізді.

Сөз алған басқа да ардагерлер осынау асты үйымдастыруға мұрындық болып, қаржылай көмек көрсеткен профессор Көрбоз Жапаровтың, асылдарымызды кеңінен насиҳаттап, оларды халқына қайта таныстырып, насиҳаттаудағы журналистердің, соның ішінде облыстық “Қостанай таңы” газеті ұжымының еңбегіне ерекше баға берді.

Қостанай заң институтының оқытушысы, майор Тойлыбаев Бекайдар Бекбаулы баба есімін бала жастан жаттап өскенін айта келіп, таяуда институтта Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналып өтетін республикалық спорт жарысының жүлдегеріне Бекбаулы баба атындағы жүлде тағайындау жөнінде жарасымды ұсыныс айтты.

Түркістанда тыныстаған бабалар аруағына құран бағышталды. Фазиз қажы Әмірханов, Асылхан Мұсәпіров сияқты ақсақалдар кейінгі үрпактарына өздерінің ақ батасын берді.



ҚАНЖЫҒАЛЫ ӘЛІБЕК БАТЫР

БІРДЕ редакцияға Сарықөл ауданы бір топ ақсақалдарынан хат келді. Онда былай делінген:

“Біздер, Сарықөл ауданы (бұрынғы Қанжығалы болысы), негізінен Ленинград, Қоскөл, Үрыстытомар ауылдарының ақсақалдары, қасиетті Түркістан қаласының 1500 жылдық мерекесіне орай ойымызда жүрген мына бір мәселеге көніл аударылса деп ойлаймыз.

Бұкіл түркі тілдес халықтардың екінші Меккесіне айналған атақты Қожа Ахмет Яссайдің кесенесіне біздің атамыз, өзі би, өзі батыр Қанжығалы Әлібек жерленген екен.

Әлібек атамыздың біздер сегізінші-тоғызыншы үрпағымыз, содан есептегенде, ол кісі шамамен 17 ғасырдың аяғында туып, 18 ғасырдың аяғында дүниеден өткен (тұған жылы және қайтқан жылы белгісіз). Біздің бабаларымыздың айтудың, 105 жасқа келіп дүниеден өткен, денесін былғарыға тігіп, өзінің үлкен ұлы Есберді (ол да батыр болған) жолдастарымен Түркістандағы Ахмет Яссайдің кесенесінің жаңына жерлеген. Әлібек батыр қазақтың басқа да батырларымен тізе қосып, әйгілі Шақшақ Жәнібекпен бірге жонғарларға қарсы жорыққа аттанып, елі мен жерінің тәуелсіздігін қорғаған. Абылай ханның әйгілі батырларының бірі болған.

Әлібек бабамыздың үш әйелінен 9 ұл туған, тоғызы да түрлі жорықтарға қатысып, батырлық, ерлік көрсеткен. Әлібектің Алдоңғар атты ұлы жорықтарда жолы болып жүргендіктен кейін ол кісіні Жолды деп атап кеткен, біздер сол Жолдының үрпактарымыз, қалған балаларынан да, шүкіршілік, үрпак бар. Сол үрпактар Ленинград, Үрыстытомар, Қоскөл ауылдарында, Сарықөлде, Қостанайда, Астанада, Солтүстік Қазақстан облысында, т.б. жерлерде тұрып жатыр.

Әлібек бабамыз Қанжығалының Құдайберді баласынан туған жалғыз болыпты.

Әлібек бабамыз туралы ел аузында жүрген көптеген мәліметтер бар, бірақ ол кісі туралы зерттеу жүргізілмеген, сол себептен оның өмірінің кейбір тұстары көпшілікке беймәлім.

Біздер, сол атақты бабамыздың үрпактары, Әлібек батыр тарихтан өзіне тиісті орнын алса, Түркістан қаласының мерейтойына байланысты Қожа Ахмет Яссайдің кесенесіне оның аты жазылса дейміз. Онда “Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді” деп, құдайдан тілегеніміз қабыл болды деп қуанаар едік.

Осындай игі мақсатпен мына ақсақалдар бұкіл сол бабамыздан тараған үрпактар атынан қол қояды:

**Әбіш Қалаков, Тәпет Кемпіров, Аңдағұл
Иманов, Көмеш Туркәмәнов, Әбітжан
Жазықбаев, Сабыржан Шопагұлов, Өтіш
Шәймерденов, Сөлім Шалапов, Сейтен
Дәненов, Рашид Дәненбаев, Бердәлі
Бидалин, Қашмолда Байгисенов, Сайым
Шопагұлов, Төлеген Шоланов, Камали
Жұмабаев, Қабдеш Дәненов”.**

Хат осылай дейді. Сол шежіре қарттардың айтуынша, Әлібек туралы ел ішінде талай аңыз тараған. Енді солардың кейбіреуін баяндайық.

Бірінші аңыз

ӘЛІБЕКТІҢ туған нағашысы Ұлы жұз үйсін Төле би екен. Әлібек ер жетіп, он-солын таныған тұста елдегі дау-дамайды шешудегі игі жақсылардың ісіне тұңғіліп, нағашысына кетеді. Мұнда келісімен өзі батыр, өзі сал өнерлі жігіт бірден ел аузына ілігеді. Мұны сезген Төле би үміт күтер жиеніне көз тиіп, бір пәлеге ұрынбай тұрғанында еліне қайтаруға бекінеді. Әлібекті шақырып алыш:

— Қарағым, ер туған жеріне, ит тойған жеріне деген, еліңе өкпелеп, сүйекке таңба салма. Біреуден тосын сөз естіп, сағыңың сынар, ондай сөз нағашың маған да жеңіл соқпас. Ашуың басылған шығар. Қасына Аткелтір інінді ертіп ал. Ол да батыр жігіт. Екеуің қатар жүргенде ешкім батыш сөз айтпас, құдай алдында сұрауы жок, сенің жанашыр туысың болсын. Есік алдында байлаулы тұрған қос сәйгүлік сендердікі.

Еліңе бар, қарағым, нағашы жүртта болдым деп,
Сәйгүлік мініп, ел кезіп, жобасыз жүрген елде көп.
Тұған ініңден кем болмас Аткелтірің жанында,
Есіңе алыш жүрерсің нағашы атам берді деп.
Тынысың болар нағашы інің көбейіп,
Ағасы болыш жүрерсің ісін көріп сүйініп,
Тен жүргенде екеуің сескенер көрген алашың,
Жақсы атақпен өтерсің бағалы болыш өмірің, — дей батасын береді.

Екінші аңыз

ӘЛІБЕК ерекше сауыққой, домбырашы, әнші екен. Қай жерде ойын-сауық болса, Әлібек те содан табылған. Үйде болуынан түзде жүруі көп болса керек. Бір күні әкесі Құдайберді баласын шақырып алыш, былай дейді:

— Қарағым, сен, естуімше, өуейі болыш барасың. Жақсы болыш, атағынды шығарғың келсе, игі жақсылармен серік бол, жақсы өнегесімен атағы шыққан екі ағаң бар. Қаздауысты Қазбек пен Шақшакұлы Жәнібекті тауып алыш, соңына ер. Содан кейін бул

күндері жасы жетіп, қартайған Есет батырға барып, сөлем бер, ақыл-кеңесін тыңда, – дейді.

Ол кезде әке сөзі заң. Әлібек те Қазбек пен Жәнібекті тауып алып, соларға серік болады. Ел намысын бірге қорғайды. Кейін әксінің сөзі еске түсіп, үшеуі Есет батырға сөлем беруге барады.

Ордаға келіп, Есет батырдың отырған үйіне кіrmек болады. Салт бойынша жасы жағынан үлкені Қаздауысты Қазбек есік ашады да қайта жаба қояды. Сосын Жәнібекке “сен кір” дегендей ишара жасайды. Жәнібек те есікті ашады да қайта жабады. Енді екеуі Әлібекке жол нұскайды. Әлібек ішке еніп, төрде отырған Есет батырға сөлем береді. Екі ағасы төрге жайғасқан соң өзі төменірек келіп отырады.

Есет батырдың қабағы екі көзін жауып, түсін сұсты көрсетеді екен. Ол қолымен қабағын көтеріп, қонақтарына зер салып, аты-жөндеріне қанығып, сөз бастайды:

–Әлібек, сенің бұрын кіріп, сөлем беріп, төмен отырғаныңа кайранмын, – дейді.

Әлібек:

–Атажан, қадірсіз болып бұрын кірдім, кіші болып төмен отырдым, – дейді.

Сонда Есет батыр:

–Менің аруағым Қара қабан еді, әр уақыт өзіммен бірге еді, Қазыбектің аруағы Қара тазы екен батып кіре алмады. Жәнібектің аруағы Қызыл тұлкі екен, ол да бата алмады. Ал, Әлібек, сенің аруағың Қара бүркіт екен. Бүркітten сескеніп менің аруағым шығып кетті, өзім болсам кәрілік женіп, төсек қармалап қалдым. Әлібек, қарағым, бақытың жанып келе жатқан азамат екенсің, Алла болсын сүйенішің, – деп батасын берген екен.

Үшінші аңыз

ӘЙГІЛІ үш бек – Қаздауысты Қазбек, Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Әлібек жұбын жазбай бір жүреді. Бір күні ел аралап келе жатқанда, оларға бір қария кездеседі.. Қария да осал жан болмаса керек, өйгілі билерге мынадай сұрап қояды:

–Уа, Жәнібек, ауыл берекесі қайтсе кетеді?

Жәнібек:

Ауыл ақсақалы шала болса,
Жігіттері алты ауыз ала болса,

“Ә” десе “мә” дейтін

Жасы үлкенін кішісі

Сыйламайтын көнілі қара болса,

Сол ауылдың берекесі кетеді, –дейді.

–Уа, Қазбек, үй берекесі қайтсе кетеді?

Қазбек:

Әйелі қабағын түйіп жүрсе,
Шәй қойып беруге ерінсе,
Ұлы ұрысқа сай болса,
Қызы сумақай болса,
Сол үйдің берекесі кетеді, – дейді.
– Уа, Әлібек, не жақсы?

Әлібек:

Атың жақсы болса,
Тіршілікте мінген пырағың.
Балаң жақсы болса,
Жанып тұрған шырағың.
Әйелің жақсы болса,
Досың маңыңа жиналым
Рахаттанар қонағың, – деген екен.
Содан Әлібек сол қарияның өзіне сөз арнап:
– Бұл дүниеде не жаман, қария? – дейді.

Қария:

Атың шабан болса,
Тіршілікте көрген азабың.
Балаң жаман болса,
Ғұмырлық көрген тозағың.
Әйелің жаман болса,
Досың сенен безініп,
Үйіңден кетер қонағың, – деген екен.

Қария билер берген жауапқа риза болып, батасын береді, билер қарияның жауабына риза болып, ат мінгізіп, шапан жапқан екен.

* * *

Осы мақала облыстық “Қостанай таңы” газетінің 2000 жылғы 26 мамыр күнгі санында жарияланған болатын.

Газетте мақала жарияланысымен Қанжығалы өuletінен шыққан бір топ азаматтар атынан тиісті орындарға арнайы хат жазылды. Әлібек батыр туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаев мырзаға, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің орынбасары Дархан Мыңбай мырзаға жолданды. Бұл жөнінде Түркістандағы “Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Темірхан Рыскелдиев мырзадан іле-шала жауап келді. Онда “Қостанай таңы” газетінде жарияланған “Аңызға айналған Әлібек батыр” атты мақаланы оқып, танысқан-

Обалы не керек, “Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Темірхан Рыскелдиев мырзадан іле-шала жауап келді. Онда “Қостанай таңы” газетінде жарияланған “Аңызға айналған Әлібек батыр” атты мақаланы оқып, танысқан-

дығы, бірақ Әлібек бабаның Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленгендігі жөнінде өздерінде мәлімет сакталмағандығын, әлі де оны дәлелдейтін тарихи құжаттар сұрады.

Бұл арада айта кететін бір жай, аталмыш мақаланы жазу барысында біздің Әлібек батырдың Түркістанда жерленгеніне көзіміз өбден жеткен еді. Сарықөл өнірінің бір топ ақсақалдары редакцияға жазған хатында елуінші жылдардың басында Түркістанда болғанда “Қанжығалы Әлібек батыр” деп арабша жазылған тас белгіні өз көздерімен көргендерін айтқан болатын. Сол тасты өз көзімен көріп, баба басына құран оқып қайтқан ақсақалдардың бірі, жасы жүзден асқан шежіре қарт Жанұзак Тоқпаев, құдайға шукір, әлі де қуатты. Енді сол атамыздың Темірханға кейінрек жазған хатын толық келтірейік.

“Әзірет Сұлтан”
мемлекеттік тарихи-мәдени
корық музейінің директоры
Темірхан Рыскелдиев мырзага

Айналайын Темірхан!

Мен Қостанай облысы Сарықөл ауданының Севастополь мекенінде тұратын соғыс және еңбек ардагері, қазіргі Қанжығалы руының ең қарт азаматымын.

Жасым 103-те, осыдан үш жыл бұрын облыс, аудан жүртшылығы 100-ге келгенімді атап өтті, биылғы 55 жылдық Женіс күні мерекесінде облыс Әкімі Өмірзак Шөкеевтің қабылдауында болып, қолынан сыйлық та алдым.

Айтайын дегенім, 50-ші жылдардың басында мен, Иманов Тілеміс және Шопағұлов Әбілмәжін Ахмет Иасауи кесенесіне зиярат етуге бардық. Біrnеше күн басында болдық. Сонда “Қанжығалы Әлібек батыр” деп арабша жазылған тас бар екен басында.

Енді сол тас жоқ, Жәке, деп маған ел азаматтары келіп айтты. Мен оған өте ренжіп отырмын. Өз көзіммен көргем, қайда кетіпті десем, айтатындары жөндеуден кейін жоқ болған дейді.

Менімен болған екі ақсақал бұл дүниеден өтті, ал мен Алланың берген қуатының арқасында жақсымын, әлі де 5 уақыт намазымды оқып, соңғы 40 жыл ішінде осы өнірдің молдасымын.

Сіздерден өтінемін, ел атынан, тарихи ақықатты орнына келтірулеріңізді сұраймын.

Іске сәт,
соғыс және еңбек ардагері
ЖАНҰЗАҚ
31 тамыз, 2000 жыл”.

Жанұзак атандың хатымен бірге ел ақсақалдары атынан Қоста-

най қаласының тұрғыны Төлеген Шоланов та хат жазып және оған қосып Әлібек батырға қатысты 1989 жылы Алматыда “Жазушы” баспасынан шыкқан “Ел аузынан” атты кітаптан (құрастырушылар Балтабай Адамбаев, Төлеухан Жарқынбекова) аныздың бірін жолдады. (Ол аныздың ұзын-ырғасы “Қостанай таңында” жарияланған мақалада келтірілген болатын. С.М.).

Енді Төлеген Шолановтың сол хатын келтірейік:

“Әзірет Сұлтан”
мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық музейінің директоры
Темірхан Рыскелдиев мырзаға

Менің Әлібек батыр бабамыз туралы жазған хатыма жауап бергеніңіз үшін шын ризашылық сезімімді өзінізге жеткізе отырып, мынадай ой-пікірімді айтып, қайыра хат жазуды жөн деп санаймын. Өзінізге жақсы мәлім, қазақтың тарихы – оның тілінде, фольклорында, ауызекі өңгімесінде, қисса-жырларында 1950 жылдардың басында қостанайлық ел ақсақалдары Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне зиярат етіп қайтуға барғандарында онда Қаңжығалы Әлібек батырдың қабірі басында бабамыздың аты-жөні арабша жазылған ескерткіш тастың барлығын айтып келген екен. Біздер кейінгі жылдарға дейін сол белгі орнында түр ғой деп мәз болыш жүргенбіз. Белгінің жоқтығын Қостанайдан былтыр (1999 ж.) жазда Туркістанға барған делегация мүшелері айтып келді. Олардың пікірінше, көптеген тарихи белгілер реставрация кезінде ізсіз жоғалып кеткен.

Сізге Әлібек батыр бабамыз туралы өңгімені кітаптан тауып алыш, салып жібердім. Ол дерек те көп ізденістен кейін ғана белгілі болды. Дегенмен халық арасына кең тараған кітап сөзі ғой.

Біздің мақсат – бәсекелестік емес, атақ-данқ қуу емес, тарихи шындықты қалпына келтіру, атақты аталарымыздың қасиетті есімдерін кейінгі үрпақ жадында қалдыру. Түркістан үшін, қасиетті қазак даласының бүтіндігі үшін қасық қандары қалғанша жаумен жағаласып еліміздің болашағын қорғап қалған батыр бабаларымыздың аты-жөндері киелі Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың кесенесінен лайықты орындарын алыш жатса, Сіздер мен біздер үшін аруақтар алдында атқарған аса бір ғанибетті іс болар еді. Сондықтан, құрметті Темеке, біздер өлі де күдерімізді үзбейміз. Ұлы Туркістанның 1500 жылдық мерекесі қарсанында Сіздерден жылы жауап күтеміз.

Бұл пікірімді ел азаматтарымен қатар облыс басшылары да құпталғантырып.

**Зор құрметпен,
ел ақсақалдары атынан**

**Т.ШОЛНОВ.
25 шілде, 200 жыл".**

Түркістанның іле-шала қуанышты хабар келді. Онда былай делінген:

**"Қазақстан
Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық
келісім министрі¹
А.Сәрсенбаев мырзага.
көшірмесі: Т.Ж.Шоланов
мырзага**

Қостанай облысы Сарықөл, Коскөл, Ырыстытомар, т.б, ауылдарының бір топ ардагерлерінің Қанжығалы Әлібек батыр Құдайбердіұлының есімін Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі тақтаға жазу туралы өтініш хаты “Әзірет Сұлтан” қорық музейінің ғылыми-сараптама кеңесінде арнайы қаралды.

Ардагерлердің тілегі орындалып, Әлібек батыр бабамыздың есімі кесенедегі тақтаға жазылды. Өтініш иелеріне жауап берілді.

**Музей директоры
Т.РЫСКЕЛДИЕВ".**

Сөйтіп, кезінде “Қостанай таңы” газеті көтерген мәселе осылайша өзінің он шешімін тапты, тарихи әділеттік қалпына келтірілді.

* * *

Иә, рухани астана, бүкіл түркі жұртының қасиетті мекені – ежелгі Түркістанның 1500 жылдық торқалы тойы да артта қалды. Той елдігімізді танытты, рухымызды көтерді, тарихқа сұнгітті.

Түркістан тойының ежелгі Торғай елінде жалғасқанын да жұртшылық біледі. Енді есімдері осы кезге дейін беймәлім болып келген Бекбаулы би Өтейұлы мен Әлібек батыр Құдайбердіұлы сияқты арыстарымызды халқына жете таныстыру, олардың өмірін, даңқты істерін кейінгі үрпаққа өнеге ету жолындағы шаралар қолға алына бастады.

Сарықөл ауданының әкімі Марс Молдағалиұлы Итпаев аудан ақсақалдарының бір тобын қабылдап, осы өнірде туып-өскен, ел қорғаны болған, Түркістанда мәңгілік тыныстаған Қанжығалы Әлібек Құдайбердіұлы туралы әңгіме қозғады. Әлібек батыр үрпақтарының өздерінің даңқты бабаларын еске алып, ас беру ниетін қолдады. Бұл ретте аудан әкімшілігі осынау игі шарага өзі мұрындық болатынын, қаржылай да, ұйымдастыру жағынан да қолдау көрсететінін мәлімдеді.

Аудан басшысының мұндай түсінікті көзқарасына риза болған ақсақалдардың бірі – Рәшид Дөненбаев табан астында жыр шу-

мақтарын төгіпті. Ел ағасы ел тұтқасын ұстаған інісіне деген жүрек-жарды пейілін былайша білдіріпті:

Айналым біліміңнен ел ағасы,
Жасың кіші жақсының бел баласы.
Алдыңа ақсақалдар келгенінде,
Аузыңнан шыққан лебіз сөз данасы.

Ел риза, таза жүрек сөзіңізге,
Көріндің жанашыр боп көзімізге.
Дағдарып барып едік ақыл сұрай,
Қолтықтап демеу болдың өзімізге.

Сенеміз енді Сізге нұрлы құндей,
Жақсы адам қате кетпес, жөнді білмей.
Сыйлаған ата жолын азаматтар,
Кошамет көрсетеді тұған елдей.

Бақыт құсы қолыңнан қозғалмасын,
Жарыскан сені бсып, оза алмасын.
Ойлаған елдің қамын, ғұмырлы бол,
Сыйлаған жерің таза ел ағасын.

Әрине, біз бұл арада ақсақалдың жыр жолдарына биік талғам түрғысынан қарал отырғанымыз жок, әңгіме – оның шын көңіл-пейілінде, Марс Молдағалиұлы сияқты тізгін ұстаған інілерінің көшелілігінде, аруакты сыйлай білген абзал азамат екендігінде.

Осылай ақсақалдары мен сөз үғар, жөн білер басшылары барда ел көші де тұзу болмақ.

Аруақ қолдасын, ағайын!

